

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ
САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯСЫ
МӘЖІЛІСІНІҢ №_1_ ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

27.09. 2025 жыл

Қатысқандар:

Комиссия торағасы:

1. Тұрлыбеков Қайратбек Аманжолович- аға оқытушы;

Комиссия мүшелері:

2. Губайдуллин Мурат Габидуллович- З.ғ.к., аға оқытушы

3. Иманбекова Маншук Мажитқызы- PhD., аға оқытушы

4. Мергенбаев Ержан Пернеханович- З.ғ.к., аға оқытушы

5. Кожамбеков Дәулет Рысбекұлы- PhD., аға оқытушы

6. Алимбаева Ақтолқын Алмасханқызы- аға оқытушы;

7. Жадигерова Айжамал Қайрылаевна- докторант;

8. Сайлау Бақдәулет Сырымұлы- магистрант;

9. Құрманбек Диана Ерболатқызы- студент;

10. Тасболатова Гүлнара Қанайқызы- Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің әдіскері.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Факультеттің сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның 2025–2026 оқу жылына жұмыс жоспарын бекітуге ұсыну
2. Білім беру бағдарламаларының біліктілік талаптарына сәйкестігіне мониторинг жүргізу.
3. Факультеттегі білім беру бағдарламаларының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігіне мониторинг жүргізу
4. 2025–2026 оқу жылының күзгі семестріндегі пәндердің оқу-әдістемелік кешенінің әзірлену мен порталға толық жүктелуіне мониторинг жүргізу
5. Білім беру бағдарламалары түлектерінің жұмысқа орналасу нәтижелерін бақылау
6. Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Күн тәртібі бойынша сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы торағасы: Қ.А.Тұрлыбеков мәжілісте сөз бастап, Құрметті комиссия мүшелері біріншіден сіздерді жаңа оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймын. Бүгінгі мәжілісімізді ашық деп жариялап, негізгі сұрақтарға көшейік. Алдымен комиссия жұмысын ұйымдастыру, 2025-2026 оқу жылына жұмыс жоспарымен танысу, сонымен қатар сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы құрамына кафедра меңгерушілері мен білікті, тәжірибелі

оқытушы құрамы комиссияның 2025-2026 оқу жылына жоспарын бекітуге ұсынысты бірауыздан қабылдауды ұсынды. Жоспар факультеттегі білім беру бағдарламаларының сапасын қамтамасыз етуге, ішкі мониторинг жүргізуге және сапа көрсеткіштерін орындауға бағытталғаны атап өтілді.

ШЕШІМ:

Факультеттің сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясының 2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.

2. Білім беру бағдарламаларының біліктілік талаптарына сәйкестігіне мониторинг жүргізу. Кафедра меңгерушілері білім беру бағдарламалары бойынша оқытушы-профессорлар құрамының біліктілік талаптарына сәйкестігіне жүргізілген мониторинг нәтижелері туралы ақпарат берді.

ШЕШІМ:

Білім беру бағдарламаларының біліктілік талаптарына сәйкестігіне жүргізілген мониторинг нәтижелері назарға алынсын, анықталған ескертулер бойынша тиісті жұмыстар жүргізілсін.

3. Факультеттегі білім беру бағдарламаларының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігіне мониторинг жүргізу. Факультетке қарасты білім беру бағдарламаларының ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі бекіткен біліктілік талаптарына сәйкестігі бойынша жүргізілген мониторинг нәтижелері тыңдалды.

ШЕШІМ:

Мониторинг нәтижелері назарға алынсын, білім беру бағдарламаларын біліктілік талаптарына сәйкестендіру жұмыстары тұрақты түрде жалғастырылсын.

4. 2025–2026 оқу жылының күзгі семестріндегі пәндердің оқу-әдістемелік кешенінің әзірленуі мен порталға толық жүктелуіне мониторинг жүргізу. Кафедра меңгерушілері пәндердің оқу-әдістемелік кешендерінің әзірленуі және университеттің білім беру порталына жүктелу барысы туралы баяндады.

ШЕШІМ:

2025–2026 оқу жылының күзгі семестріндегі пәндердің оқу-әдістемелік кешендерінің уақытылы және толық порталға жүктелуі бақылауға алынсын, жауапты кафедраларға тапсырылсын.

5. Білім беру бағдарламалары түлектерінің жұмысқа орналасу нәтижелерін бақылау. Факультет деканы білім беру бағдарламалары түлектерінің жұмысқа орналасу көрсеткіштері туралы ақпарат берді. Түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі қолданыстағы нормативтік талаптарға сәйкес екені атап өтілді.

**2025 жылғы түлектердің саны мен жұмысқа орналасу туралы
мәліметтері және көрсеткіштер**

Білім беру бағдарламасы	Түлектер саны	Жұмысқа орналасқаны	Оқуын жалғастырғаны	Бала күтімінде	Шетел азаматы	Пайызы
6B04245	64	24	7	4	-	48,43
7M04222	1	1	-	-	-	100

ШЕШІМ:

Білім беру бағдарламалары түлектерінің жұмысқа орналасу нәтижелерін бақылау назарда болсын, көрсеткіштерді арттыру бойынша жұмыстар жалғастырылсын.

Мәжіліс төрағасы:



Тұрлыбеков Қ.

Хатшысы:



Жадигерова А.